



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ ОРНЫ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ӘЙЕЛ КЕЛБЕТІ

Жакиянова Арай Нургазыевна

arai_0714@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Т. Садыков

Әйелдердің отбасындағы орны мен олардың күнделікті жағдайы да отбасы тарихындағы маңызды мәселенің бірі. Қазақ әйелдерінің отбасындағы орны Орта Азия халықтары әйелдерімен салыстырғанда әлде қайда ерікті болған. Қазақ отбасындағы әйел орнын анықтауға, оның қоғамдық және үйдегі жағдайына тоқтаған уақытта әлеуметтік қатынастарды, ислам дінінің және халықтық әдет-ғұрыптардың ықпалын дұрыс ескерсе ғана өткен өмірді объективті түрде көрсетуге, ол туралы дұрыс тұжырымға келуге болады.

Қоғамдық мәселені шешуге араласпау төңкеріске дейінгі қазақ әйелдерінің ғана басындағы, яғни олардың тек әйел екендігіне байланысты теңсіздік емес, оның негізгі патриархалды-феодалдық қатынастардың салдарымен тығыз байланысты. Ал енді үй ішінің тағдырында әйел әрекеті мен еңбегіне байланысты жүрді. Сондықтан олар үй іші мәселесінде өзін еркін ұстайтын да, өзбетімен жұмыстарын атқарып, ерлерінің нағыз көмекшісі болатын. Қазақ дәстүрінде әйелдің үй ішіндегі еркіндігі ол отбасының атына нұқсан келтірмей, қайта намысын қорғайтын болса, ел аузына ілініп, өзгеге үлгі ретінде айтылып, үлкен мадақ мен сыйға бөленетін.

Тамақ дайындау, киім тігу, жүн сабау, киіз басу, жіп иіріп алаша, кілем тоқу әр түрлі үй бұйымдарын тігу, мал сауу, кір жуып үй жинау, көш-қонның кезінде тең буып, оны шешу, үй жығып, оны тігу, жас балалар мен қартайған ата-енесіне қарау т.б. үй ішінің ұсақ-түйек шаруасы түгелдей әйелдер мойнында болады. Үй шаруасына жалшылар ұстайтын ірі байлардың әйелдері мұндай шаруалар істемейтін. Олар, тек басшылық етіп, жеңіл-желпі киім тігіп, ши ора, кесте тігіп, бала бағудан басқаға араласпайтын. Ал, орта шаруалар мен кедейлердің әйелдердің жұмысы тіпті көп болатын. Олар өз шаруасына қоса бай туысының үй шаруасына да көмектесетін. Қысты күні үйде тұрған малға қарау да көбінесе әйелдер мен бала-шағаның міндетіне жататын.

Қазақ әйелдері мал сатып, қаладағы базарға баруға араласпағанмен, үйдегі шаруаға тікелей қатысып, оған өзінің ықпалын жүргізетін. Үй іші шаруасын ұйымдастыруда да ері әйелімен ылғи ақылдасатын. Егер әйел ақылды болса, ол тек еріне ғана емес, онымен бірге бүкіл ауылға өзінің ықпалын тигізетіндіктен, мұндай әйелдерге күйеулері өздерінің өмірлік серігі ретінде қарайтын. Ері үйде жоқта есті әйел оны жоқтатпай, барлық жұмысқа өзі басшылық ететін. Мұндай әйелдердің тарапынан еш уақытта ұрыс-жанжал шықпайтын. Үлкен-кішіні бірдей сыйлап, керек жерінде жарасымды әзіл айтып, жолынан жығылмай тұрған әйелдердің отбасындағы ықпалы күшті болатын [1, 52-55 бб.].

Қазақта келін үлкен үйдің төріне рұқсат еткенше, яғни енесі өлгенше шықпай, тек жартысына дейін бара алады. Тіпті екінші үй, еншісі бөлек келін, үлкен үй төріне өле-өлгенше шықпай кетуі мүмкін, бұл олардың үлкен үйге көрсеткен құрметі. Қазақта әйелдер үлкен-кіші еркектің алдын кеспейтін ғұрпы бар. Жасы кішісі үлкеніне «сен» демек түгіл, аттарын атамайды. Ата-анасын, ел үлкендерін атымен атамай, құрметтеп мағынасы сол, бірақ басқа атаумен атайды [5, 178-190 бб.].

Бедеулігі үшін әйелді әкесінің үйіне қайтармаған, молданы шақыртып, дұға оқытып, шам жақтыра қасиетті жерлерге жібереді. Шора Батыр поэмасында Марықбай мен әйелі Гүлқаныстың қасиетті жерге ұл-қызды болуы мақсатында барғаны туралы сипатталды [4, 110 б.].

Сән-салтанат құруды көксейтін ірі байларды, былай қойып, өз шаруасы өзіне жетерлік орта қазақ отбасының ең алдымен әйел салтанатына көңіл бөлгендігін кім жоққа шығарады. Шамасы келген отбасында киімнің асылын әйел киетіндігі, алтын-күмістен жасалатын өте қымбат сәнді әшекейлердің әйелге айналатындығын, өте әдемі және қымбат ер-тұрмандар мен жүрісі жайлы жорғалардың, әдемі сәйгүліктерді парлап жеккен пәуескелердің әйелге арналатын. Аты аңызға айналған ақылды, тапқыр аналардың ісін кейінгі ұрпаққа үлгі есебінде әңгіме-жыр ету ауыз әдебиет үлгілерінде өте жиі кездеседі. Халық оларды мадақтап, мақтан етеді.

Ең қымбат қырғыз ер-тұрманы күміспен әшекейленеді. Оны, әрине, байлар сатып алады. Әйелдердің ер-тұрманы ерлердікіне қарағанда әдемірек әшекейленеді. Ең кедей әйелдің жүгенінің өзі күміспен қапталады. В.В.Радлов әйелдер ер-тұрманы туралы: «При перевозке юрт чепраки под женским седлами – из красного сукна (кызыл манат) с отделкой из плюша (макпал); кроме того, на седло накинута большая попона из красного сукна (джамджа), а перед седлом крепится вещевого мешок, тоже обтянутый красным сукном, с самой лучшей одеждой (бокша). У женщин помоложе при переезде на этом мешке покоится лялька с младенцем» деп сипаттап кетеді [7, 65 б.].

Ат үстінде жүру өнеріне қырғыз-қазақтар бала кезінен бастап ие болып, олардың алғашқы гимнастикалық абыройы болып табылады. Олар былай айтқанда ат үстінде туғандай және жабайылардың өзімен ерекше батылдылық пен еппен қарайды. Әйелдер еркектерден қалыспайды, тіпті кейде асып түседі.

Тұрмысқа шыққан әйелдердің бас киімі қиық конус тәріздес биік бас киімнен тұрады. Үстіңгі жағы үлкен жібек және кесейден тігілген жамылғымен оралады. Бағалы тастармен, алтын мен күміспен, маржа мен кораллмен әшекейленеді. Қыздар ер адамдар бас киіміне ұқсас конус тәріздес барқыт пен паршадан тігілген бас киім киеді. Бас киімді алтын не күміс, маржан белгімен әшекейлеп, оған құндыз бен кәмшат терісін тігіп, үстіне құстың қауырсынын қойып, қылауыш тігеді.

Әйелдердің де қыздардың да шаштары өрілген. Әйелдер оларды екі немесе үш бұрымға бөліп, оның екеуі иықтарында немесе бас киім жанында әртүрлі салпыншақтармен жіберілсе, үшіншісін барқытпен көмкеріп, жерге дейін арқа жағында жіберіледі. Кейде оның соңғы бұрысының орнына қалақ байлап, оны қылауыш, ленталармен әшекейлейді. Тұрмысқа шықпаған қыздар өздерінің шаштарын көптеген жұқа бұрымдарға өріп, оларды күміс әшекейлермен безендіріп, ұшын қылауыш пен ленталармен байлайды. Екеуі де опа мен далап еуропа әйелдеріне қарағанда көбірек қолданады. Сәнді көйлектерін тек мереке іс-шаралары кезінде ғана емес, бір орыннан екінші орынға көшкен кезде де киеді.

Сөйтіп, қазақ қоғамындағы әйел-ананың орны туралы алғашқылардың бірі болып орыс зерттеушісі А.И.Левшин өз еңбегінде жазды. Ол қазақ әйелдердің атқа отыру өнері олардың гимнастикалық артықшылығы, дей келе атқа отыруда әйелдердің ерлерінен тең келеді, кейбір жағдайда озып та отырғандығын айтады. Қазақ әйелдерінің киімі туралы келгенде, оның ерлерінен аса көп ерекшеленбеген. Көйлектері ұзын және кең, беліне дейін түйме тағылған. Олар қолдарына сақиналармен, білезіктермен сәндесе, құлақтарына сырғалар мен киімдеріне әртүрлі сәндік бұйымдарды тағып отырған. Қазақ әйелдерінің тұрмыстағы бүкіл жұмысты атқаруы, олардың ерлерінің жалқаулығына алып келді. Қазақ әйелдері өздерінің еңбекқорлығымен ерлерінен озып отырған. Олардың мойнында үй шаруасы, мал қарау, балалар мен өздеріне киім тігу және ерлеріне керектің бәрін жасап отырған, кей жағдайда ер адамдарына мінетін аттарына дейін дайындап отырған. Қазақ әйелдерінің жағдайы араб елдерімен салыстырғанда әлдеқайда жақсы деуге болады. Оны біз қазақ әйелдерінің беттерін ашық ұстап, көшпелілік ойын сауықтарға еркін араласты. Бұған дәлел ретінде, басқа ойын-сауықтарды былай қойғанда, «Қыз куу» сияқты көпшілік бас қосқан жердегі ат ойындарының халық арасында күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпағандығын айтсақ та жеткілікті.

А.И.Левшиннің еңбегінде «Қырғыздармен орындалатын басты Құран ережелерінің бірі ол – көп әйел алу. Әйелдер үшін қалыптасқан халық дәстүрі бойынша қалыңмал төлейді. Құран бойынша қырғыздар көп әйел алу салтын ұстанады. Әйелдерді қалыңмал ретінде сатып алып, екінші әйелі біріншісінен, екіншісі үшіншісінен қымбатқа түседі. Ереже бойынша бірнеше әйелді тек бай адам иемденіп, қарпайым адам бір әйелмен шектеледі. Кіші жүздің XVIII ғасырдағы ханы Нұралының 16-17 заңды әйелдері мен 15 көңілдесінің болған. Ол 32 ұл мен 33 және 34 қыз баланың әкесі атанған» [6, 330-334 бб.] деп атап өтеді.

Қалыңмал мөлшері екінші үшінші әйел үшін әдеттегіден артық төленеді, демек бірінші әйелден екіншісі, екіншіден үшіншісі қымбатқа түседі. Кедейлер арасында 5-6 қоймен ғана шектелсе, ірі байлар арасында 200 жылқы немесе 500-ден 1000-ға дейін қой және әр түрлі дүниемүлікпен, күң мен құл алысуға дейін барады) Бұл деректер «кедей, кедеймен құда болса, арасында дорба жүрер, бай баймен құда болса арасында жорға жүрер» деген халық мәтелінің айғағы. Жас ер адамдар көбіне бірінші әйелін өз қалауымен емес, ата-атасының таңдауымен алады, келіншектер әрдайым олардың қалауына бағынады. Осыдан жұбайлар арасында шынайы жақсы көрушілік сирек кездеседі. Әкелерінің көбі, оның ішінде мен байлары балаларын туа сала аттастырады.

Н.Гродеков айтуынша, төрт әйелден артық әйелі бар ерлер соңғы төртеуімен ғана ерлі-зайыптылық ғұрпымен тұруға хақы бар, ал қалған әйелдері софылық жолға түсіп, шариғат бойынша ерімен ажырасу керек болған.

Әдетте әр әйелдің еншісі – үйі-жайы, шаруашылығы бөлек болады. Ірі байлар мен төрелер әр әйелін бір-бір ауыл етіп, қасына қонсы қондырып бөлек ұстайтын.

Әйел үстіне тоқалдыққа айттырылатын қыздардың қалыңмалы да әдеттегіден жоғары болады. Бір кісідегі көп әйелдің ең алғашқысы бәйбіше деп аталып, өзгелердің бәрі тоқал делінеді. Бірнеше тоқалдар үлкен тоқал, кіші тоқал немесе олардың ерекше қасиетіне, түсіне, пішініне байланысты әрқайсысына дара ат қойылатын. Бұлардың бәрі де бір-бірімен бәсекелес болғандықтан күндес атанады. Олардың балалары да көбінесе бір-біріне суық, қырғи-қабақ келеді. «Екі қатынның баласы, екі рулы ел» деген мақал осыдан шыққан. Бірнеше әйелдің ішіндегі ең сұлуы, қолынан бал тамған өнерлісі, ақылдысы, немесе ең жасы күйеуінің «нақ сүйері» атанады. Ондай әйелді қалған күндестер көре алмайды. Күндестер талқысына түскен арулар көбінесе бақытсыздыққа ұшырағыш келеді. Оны халық аузындағы көптеген аңыздар, жырлар ашық сипаттайды.

Әменгерлік әдеттің құрбану болу арқылы көп қатынның бірі болу тек күйеуі өлген әйелдердің ғана үлесіне тиген ғұрып емес, мұндай аянышты дағдыр айттырылып, оң жақта отырған қалыңдыққа да ортақ болатын, яғни атастырған болашақ күйеуі өлген жағдайда жесір қалыңдық күйеуінің аға-інісінің біріне тоқалдыққа берілетін. Көбінесе мұндай әйелдер өз үйінде балаларымен бөлек тұра беретін де, күйеуі оның шаруашылығына қамқорлық жасап, өзінің бір үйі есебінде келіп тұратын.

Қазақ тәжірибесі де көп әйел алғандардың әр әйелі көбінесе өз еншісімен бөлек тұрғанмен, өзге әйелдердің бәріне бәйбіше үстемдік жүргізетін. Бәйбішені күйеуі тіпті сүймеген күннің өзінде ол өзге әйелдеріне қарағанда ерекше жағдайда болған. Егер іс насырға айналғандай жағдайда бәйбіше балаларымен төркініне кетіп қалуға дейін ерікті болған. Тоқалдарда мұндай ерік болмайтын.

Әдетте отбасындағы үйдің басшысы үлкен ағасында көп әйелі болады, бірінші әйелі бірге тұрған кезінде бүкіл шаруашылықты басқарады. Бірінші әйеліне тек басқа әйелдері бағынып қоймайды, сондай-ақ отбасындағы барлық әйел адам бағынышты болады. Үйдің отағасы малдың жартысын осы әйелінің басқаруына беріп, өзі 100 шақырымдай жердегі егістікте жас әйелдерімен бірге басқа мал бөлігімен көшіп-қонып, қыста қайтадан бірінші әйелінің шаруашылығымен қосылады [8, 50-51 бб.].

Сөйтіп әйел үстіне айттыру арқылы тоқал алу, не әменгерлік әдет бойынша әйел үстіне жесір келінін не жеңгесін алу тіпті Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарына дейін

сақталып келді де, ал қолға түскен тұтқын әйелдерді және қарауындағы күндерді алу өткендегі жаугершілік заман мен патриархалдық құлдықтың келмеске кетуімен бірге жоғалған. Жалпы көп әйел алу дәстүріне Кеңес өкіметінің декреттері ғана түбегейлі тыйым салды[9, 52-61 бб.]. Атап айтсақ, Орынбордағы Қырғыз Орталық орындау комитетімен қалыңмалға тыйым салу декреті шықты: «Приступая к строительству Киргизской Советской Социалистической Республики за новых началах, Киргизский Центральный Исполнительный Комитет и Совет Народных Комиссаров считает, необходимых самую решительную борьбу с вредным над трудовыми массами Киргиз. К числу таких пережитков относится Калым унижающий честь и достоинство киргизской женщины, превращающий ее в рабыню. Калым способствует закреплению власти богатеев, ставя вопрос браке и зависимости от материального положения человека. Свободной, Социалистической Республике не может быть места сохранения этого института, насилующего волю и чувство безответственной киргизской женщины. Исходя из этого, Киргизский Центральный Исполнительный Комитет и Совет Народных Комиссаров ПОСТАНОВИЛ: /Калым-выкуп за невесту/ вносимый по обычаям киргизского народа жени и ее родителям, родственникам и свойственникам невесты – скотом, деньгами и всяким другим имуществом и устанавливающий обязательство выхода невесты замуж за этого жениха,/ отменить/ сделки, договоры и соглашения о калыме признаются недействительными во всем их объеме и никаких прав и обязательств ни для кого не порождают и не пользуются правом судебной защиты, В Калым уплаченный до издания настоящего декрета от того состоялся ли брак возврату не подлежит, 4.Нарушение настоящего декрета влечет за собой конфискацию калымного скота и прочего калымного имущества в двойном размере у лиц его получающих и лишение свободы обеих сторон не выше одного года НР98.Настоящий декрет вступает в силу со дня опубликования его на местах. За Председателя КИРЦИК Садвокасов, Председателя КСНК Мурзагалиев, КирНаркомитета Алтыбеков» [2, 1 б.]. Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі әйел теңдігіне байланысты шыққан декреттердің және халық арасында жүргізілген үгіт-насихат және халық-ағарту жұмыстарының нәтижесінде әменгерлік әдет бойынша әйел еркінен тыс жесірге үйлену ғұрпына тыйым салынды [1, 278-279 бб.].

Қай халықта болсын отбасы құрған соң баласы болуды арман етеді. Жаңа үйленген ерлі-зайыпты жастар алғашқыда бала мәселесіне онша мән бермегенмен, жас келіннің аяқ басқаны, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы тәжірибелі ененің көз қиығынан қалыс қалмайды. Жас келіннің бойына бала біткенің сезісімен енесі оны өз қамқорлығына алып, оны пәле-жаладан, тіл-көзден сақтау шарарын істей береді. Ай күні жеткен кезде ауыр жұмыс істетпеген. Әсіресе жас келіннің алғашқы баласында үлкендер тарапынан көп көңіл бөлініп, қамқорлық көрсететін. Баласы тұрмай жүрген әйелдің де күтімі жақсы болады да, аман-есен босанып, оның баласы болуына себін тигізгісі келген әрбір туысының, әсіресе енесі мен тату абысындарының жаны қалмайтын [1, 67-68 бб.].

Елімізде жаңа құрылыстың жеңуі неке құру мәселесіне де ең жоғарғы адамгершілік принциптеріне сай жаңалықтар енгізді. Неке құру үшін жастардың еріктілігі, өз тағдырын өзі шешіп, сүйіспеншілік сезімі негізінде жар таңдауға шын мәнісінде бостандық, ерлі-зайыптылардың тең құқылығы іске асырылды. Қазіргі қазақ отбасы, некелесу мәселесі және оларға байланысты әдет-ғұрыптар, жаңа қалыптасқан дәстүрлер өз алдына дербес зерттелетін күрделі ғылыми проблемалардың бірі.

Жаңа сапалы отбасы бүкіл адамзаттың өткен ұрпақтары қалыптастырған ең жақсы дәстүрлерін өз бойына сіңіре отырып, ол денесі шыныққан, рухани жағынан әбден жетілген, адамгершілік қасиеттері мол жаңа адамды тәрбиелеп қалыптастырудың қайнар көзі болмақ.

Қоғамдағы әйел теңдігінің іске асуы отбасылық қатынастарда, некелесу мәселесіндегі маңызы айтарлықтай болды [1, 280-283 бб.]. Кеңес заманында Халық комитетімен қырғыздардың неке туралы декреті шықты: «Ст.3. Для выступления в брак необходимо, чтобы жених был в возрасте не менее 18-ти лет, а невеста 16 лет. Ст.4. Вступающие в брак

должны быть в здравом уме. Ст.6. Многоженство, как обычай глубоко унижительной для нравственного достоинства киргизской женщины и создающий порабощение и эксплуатацию ее личности, положительно ее воспрещается. Ст.7. Не могут вступать в брак между собой лица, состоящие в родстве: по прямым – восходящей и нисходящей линиям без ограничения степеней, а в боковых линиях – до четвертого колена включительно без различия мужских и женских линии. Ст.8. Воспрещаются браки во всех степенях свойства соответствующих степени родства по прямым восходящей нисходящей линиям, а в боковых линиях между свободными братьями и сестрами. Ст.11. Насильственный увод и похищение девицы или женщины для выступления с нею в брак, а также всякое принуждение ее к выходу замуж как физическое так и моральное воспрещаются под страхом уголовной кары. Ст.12. ЖЕСЫР /вдова/ в праве располагать собою по своему усмотрению, она может вторично выйти замуж хотя бы новый муж ее принуждал не к тому роду из которого происходил умерший супруг. Ст.13. При жизни супругов брак может быть прекращен разводом. Наркомитет АЛИБЕКОВ» деп заңмен барлығы нақтыланды [3, 1 б.].

Жас әйел жаңа отбасыға кірген кезде, әрдайым сақ болу керек, себебі күйеуінің достары келіп, қалжың айта отырып сынаиды. Дәстүрге сай жас әйел олармен сөйлесіп, ақылды жауаптар беріп отыруы қажет. Жас әйел ата-енесінің бақылаумен қабағын шытпай, қонақтарды дұрыс қарсы алу керек. Әйелдің міндетіне – шашылған киімдерді жинау, малды қарау, ата-енесінің қас-қабағына қарап, құл сияқты жұмыс істеу қажет болды. Сонда ғана ата-енесі қызындай қабылдап, әр жерде мақтап, құрметке бөленеді. Әйелдер алдымен өзіне берілген міндеттерді орындап отыру шарт болып есептелінді [7, 115 б.].

Еңбекқорлығымен әйелдер еркектерден асып түседі. Олар үйдегі бар тірлікті істеп, малдың жартысын өз қамқорлығына алып, онымен қоса балалары мен өздеріне киім дайындап, қолөнермен айналысады. Сондай-ақ олар өздерінің күйеулеріне қажеттіліктерінің барлығын орындайды. Тіпті кейде аттарына егер салып, отырғызып жібереді.

Еңбекқорлығымен бірге қырғыз-қазақ әйелдеріне ақкөңілділік, балажандылық, мейірімділік тән. Бұрын тұтқында болғандардың ерлерге қарағанда әйелдеріне деген көзқарастары жақсы болған.

Көшпелі халықта отырықша мұсылмандар сияқты қатал жыныстық бөлініс болған жоқ. Әйел де, қыз да беттерінен жаппады. Олар еркектермен бірге жиналыстарға, ойындарға қатысып, ән жарыстарында хормен ән айтады. Сөйлескенде еркектер мен әйелдер бір-бірімен қалжындасады. Сонымен қатар, қырғыз әйелдері орыс әйелдері мен қыздарына қарағанда еркектермен еркін қарым-қатынаста араласады [7, 120 б.].

Қазақ тарихында, ұлт мәдениетінде, салтында, дәстүрінде әйел адамның, қыз баланың қоғамдағы орны ең алдымен отбасындағы орнымен қадірлі саналған. Яғни, әйел адам қоғамымыз үшін болашақ ұрпақты жалғастырушы ана, мемлекет өміріндегі жауапты қызметкер, отбасындағы аяулы жар. Сондықтан да отбасы мен қызметін бірге ала жүріп, әлемнің бесігін тербеуге құдіреті жететін әйел адамды әрқашанда құрмет тұтуымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек). – Алматы: Қайнар, 1996, 288 б.
2. Астана қаласы Мемлекеттік мұрағаты. 430 қор, 2 тізімдеме, 38 іс.
3. Астана қаласы Мемлекеттік мұрағаты. 430 қор, 2 тізімдеме, 39 іс.
4. Гродеков М.И. Этнография казахов и кыргызов Сыр-Дарьинской области.- Павлодар: НПФ «ЭКО»: (Библиотека казахской этнографии), Т.23, 2006, 379 с.
5. Құрбанғали Х. Тауарих хамса: (Бес тарих) Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов.-Алматы: Қазақстан, 1992, 304 б.
6. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). – Алматы, «Санат», 1996, 656 с.

7. Радлов В.В.Тюркские степные кочевники. 2-е изд. - Астана: «Алтын кітап», 2007, - (Библиотека казахской этнографии), Т.3. 389 с.
8. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства.- Павлодар: НПФ «ЭКО»: (Библиотека казахской этнографии), Т.17.- 2007. 193 с.

ӘОЖ 323,329 574:378(470-571)

ЖАҢА ТҮРПАТТЫ ҚАЗАҚ ЗІЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ САНКТ-ПЕТЕРБУРГ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ РОЛІ

Жұмағұлова Толқын Тұраққызы

saule_asil@list.ru

Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінің

1 курс магистранты, Қызылорда, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Т. Сатбаев

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ жастары білім алған ірі орталықтың бірі Петербург қаласы. Империяның саяси оқиғаларға толы астанасында бұл кезеңде, яғни 1889 – 1894 жылдары орман шаруашылығы институтында Әлихан Бөкейханов, 1900 – 1905 жылдары темір жол транспорты институтында Мұхамеджан Тынышбаев білім алды. Қазақ жастары үшін нағыз үлкен білім шаңырағына айналған Петербург университеті еді. Ресей империясында ған емес, бүкіл Еуропа мәдениеті мен ғылымында өзіне лайық орны бар бұл оқу орны орнында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ студенттері оқып, жоғары білім дипломын иемденді. Олардың қатарына Бақытжан Қаратаев, Бақыткерей Құлманов, Барлыбек Сыртанов, Жаһанша Сейдалин, Райымжан Марсеков, Мұстафа Шоқай, Жакып Ақбаев, Батырша Исмаханов, Айдархан Тұрлыбаев сияқты XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси өміріне белсенді араласқан қайраткерлер болды.

Қазақ жастарының білгілі бір бөлігінің ірі саяси орталықтарда оқуы, сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларды тікелей көзімен көріп, куә болуы, қоғамдық жаңғыру жолына қадам басқан орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалын басынан кешіруі олардың қоғамдық көзқарасының кемелденуіне, саяси белсенділігінің артуына әсер етеді. Қазақ студент жастарының қоғамдық белсенділігінің айтарлықтай жоғары болғандығын Петербургтегі орман шаруашылығы институтының студенті Ә. Бөкейхановтың студенттік ортадағы белсенділігі туралы «Семипалатинский листок» газетінде: «Орман шаруашылығы институтының студенті бола жүріп ол барлық студенттік істерде үлкен белсенділік танытты, әруақытта тым солшылдар жағында табылды. Марксизм туралы айтыс қызғанда ол экономикалық материализм туралы тезистерді бар күшін салып қорғады». Болашақ Алаш қозғалысы лидерінің студенттік және одан кейінгі алғашқы жылдары марксистік бағытта тұрғандығын басқа да деректік материалдар қуаттайды. Санкт – Петербург университеті алғашқы күндерден бастап – ақ Россияның басқа да жоғарғы оқу орындары сияқты тамаша ғылым мен білім ордаларына айналып, көп ұлтты халықтардың қоғамдық саяси және рухани сана- сезімінің жетілуіне орасан зор әсерін тигізеді. Оның қабырғасында есімдері әлемге әйгілі болған ғылым, қоғам және мемлекет қайраткерлері шыңдалды. Олардың адамзатты таптық егізден азат етуге бағытталған көзқарастары осында қалыптасты. Осындай прогрессивті дәстүрлерге бай Петербург университетінде қазақ жастары да оқи бастады.

1881 жылы Петербург университетінің заң факультетіне Бақтыгерей Құлманов қабылданды. Ол осы факультетте 1884 жылға дейін оқып, әртүрлі себептерге байланысты университеттің шығыс тілдері факультетіне ауысты. Ол студенттік өмірін өте ауыр